SATBAYEV UNIVERSITY	**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2021 жылғы «12» 02 №1 редакция.	Қ 029-06-01.3.01 – 2021

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ ішкі актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ҚАҒИДАЛАРЫ

Қ 029-06-01.3.01 – 2021

Алматы 2021

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Әкімшілік департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Әкімшілік департаментінің директоры _____ Ю. Квашнина
«11» 02 2021 ж.

2 КЕЛІСІЛДІ

Ректор аппаратының бастығы _____ Б. Мықтыбаев
«11» 02 2021 ж.

Лицензиялау, сертификаттау және білім сапасын бақылау басқармасының бастығы _____ А. Сауранбаева
«11» 02 2021 ж.

Заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімінің бастығы _____ Д. Кульджанова
«11» 02 2021 ж.

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы _____ Ж.Орақбаева
«11» 02 2021 ж.

3 ҚазҰТЗУ Басқармасының 2021 жылғы «12» 02 № 9 хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже 4

2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың бағыттары 5

3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу тәртібі 7

Өзгерістерді тіркеу парағы 9

1 Жалпы ереже

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ ішкі актілері мен ішкі актілерінің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 шілдедегі №451 қаулысымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2 Ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидаттары:

- заңдылық;
- объективтілік;
- толықтығы және жан-жақтылығы;
- айқындық;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың негізгі міндеттері:

– сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен мүмкіндіктерін объективті және жан-жақты анықтау;

– университет қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға негізделген ұсыныстар қалыптастыру.

1.4 Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

Ішкі актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы – ішкі актілер мен ішкі актілер жобаларының жемқорлық нормаларын, сыбайлас тәуекелдерін анықтау мақсатымен зерттеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық - бұл сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз құқық бұзушылық (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Сыбайлас жемқорлық факторлары – нормативтік құқықтық актілердің (нормативтік құқықтық актілер жобаларының) құқық қолданушы үшін негізсіз кеңдік шегін немесе жалпы ережелерден ерекшеліктерді негізсіз қолдану мүмкіндігін белгілейтін ережелері, сондай-ақ белгісіз, орындалуы қиын және (немесе) ауыртпалық түсіретін және сол арқылы сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдай жасайтын ережелер.

2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың бағыттары

2.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама:

– ішкі актілерде немесе олардың жобаларында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтарға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

– анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

2.2 Ішкі актілерде (акт жобаларында) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етуі мүмкін нормалар анықталады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалардың сәйкестендіру белгілері:

1) Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің, шарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің ұзақтығын белгісіз кезеңге не мерзімдерді ұзартудың нақты шарттарын белгілемей ұлғайту мүмкіндігі;

- шешім қабылдаудың (іс-әрекет жасаудың) негізсіз кең уақыт ауқымын белгілеу;

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерін есептеу сипатына нұсқаудың болмауы;

- шарттарды (негіздерді) дәл айқындаусыз қандай да бір шешім қабылдаудың бірнеше нұсқаларының болуы;

- ішкі актіде «уақыт ішінде», «ақылға қонымды мерзім», «тиісті мерзім», «белгіленген мерзім (кезең)», «егер ол басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленбесе» деген тұжырымдамаларды және басқа да осыған ұқсас айқындалмаған тұжырымдамаларды пайдалану;

- лауазымды тұлғалардың қайталанатын өкілеттіктерінің болуы;

- бір шешім үшін бірнеше қызметкерлердің жауапкершілігін белгілеу.

2) «құқылы» формуласы бойынша құзыреттілікті айқындау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «құқылы», «мүмкін» және т. б. тұжырымдарын қолдану;

- ішкі актінің мәтінінде өкілеттікті тек құқық ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы (яғни белгілі бір жағдайларда оны жүзеге асырмау);

- ішкі актінің мәтінінде құқықты белгілі бір әрекеттерді жасау міндеті ретінде емес, мүмкіндік ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы.

3) Реттеудегі олқылықтың болуы:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- мәртебелік нормалардың болмауы (егер олар);

- қызметтің қандай да бір түрін регламенттеуге, ұйымға бекітілген функцияны іске асыруға қатысты нормалардың болмауы;

- мінез-құлық қағидаларының болмауы және қойылатын талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

4) Әкімшілік рәсімдердің болмауы немесе толық болмауы:

- бизнес-рәсімдердің және/немесе әкімшілік рәсімнің түпкілікті нәтижесін алуға бағытталған дәйекті іс-қимылдар (кезеңдер) тізбесінің болмауы;

- ұйымның (лауазымды тұлғаның) шешім қабылдауы үшін регламенттелген негіздердің болмауы;

- жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау кезінде қабылдауға немесе бас тартуға заңды негіздерге негізделмеген субъективті тәсілдердің болуы.

5) Құқықтар көлемін таңдамалы өзгеруі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің көрсеткіштері:

- құқықтар көлемін өзгерту туралы шешімдер қабылдау шарттарының, өлшем шарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;

- нақты шарттар мен негіздерді белгілемей, құқықтар көлемін өзгерту туралы шешімдер қабылдау кезінде негізсіз кең өкілеттіктер белгілеу;

- ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «әдетте», «ерекше жағдайларда», «жекелеген жағдайларда» немесе «... шартымен» және т. б. сияқты түсініксіз, белгісіз мазмұндағы мұндай тұжырымдарды қолдану;

6) Ішкі актілердің коллизиясы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- бір деңгейлі актілер арасында қайшылықтың болуы;
- негізгі және туынды ішкі акт арасындағы қайшылықтың болуы;
- НҚА ережелері мен ішкі актілердің арасында қайшылықтардың болуы.

7) Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- жеке (лауазымды) және заңды тұлғаларға субъектілік құқықтары мен бостандықтарын тиісінше іске асыру үшін оларды орындауда қажеттілік жоқ міндеттерді жүктеу;
- ішкі актінің мәтінінде ашық, бас тарту үшін негіздемелер тізбесінің, басқа НҚА-да белгіленген бас тарту үшін негіздемелерге сілтемелердің, оның ішінде заңға тәуелді сипаттағы сілтемелердің болуы;
- жеке (лауазымды) және заңды тұлғаларға қолданыстағы НҚА- да көзделмеген құжаттарды, ақпаратты, анықтамаларды, өтініштерді және т. б. ұсыну міндетін жүктеу;
- жоба мәтінінде «бұлыңғыр», бас тарту үшін субъективті-бағалау негіздерінің болуы.

8) Заңдық-лингвистикалық белгісіздік

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- ішкі актінің мәтінінде юриспруденцияда екі ұштылық немесе орын алмаған терминдерді, сөз тіркестерін және сөйлеу айналымдарын пайдалану. Оның ішінде: «орынды», «төтенше жағдайларда», «ақылға қонымды мерзімде», «қысқа мерзімде», «қысқа мерзімде», «ұзақ мерзімде», «белгілі бір жағдайларда», «жеткілікті негіздерде», «шектелмеген уақыт», «өзге атаулар (жағдайлар, шарттар, тәртіп, рәсімдер)», «және т. б.», «басқалары...», «басқалары...», «басқалары..», «басқа нұсқалар», «қолданғаны дұрыс», «кейбір жағдайларда», «өзге атауларға (жағдайлар, шарттар, тәртіп, рәсімдер) жол беріледі (рұқсат етілген)» және т. б.
- ішкі актілердің мазмұнында құбылысты, оқиғаны, фактіні әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін түсініксіз, белгісіз мазмұны бар бағалау сипатындағы ұғымдар мен тұжырымдардың болуы;
- бір ішкі актінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында оларды құқықтық тұрғыдан әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін мағыналық айырмашылықтардың болуы;
- жеке және заңды тұлғалардың заңды жауапкершілігін белгілейтін нормаларда белгісіздіктің, түсініксіздіктің және міндеттіліксіз болуы;

9) Басқа да сыбайлас жемқорлық факторлары

Факторлар тізімі:

Конкурстық (аукциондық) рәсімдердің болмауы; қызметкердің құқық бұзушылық үшін жауапкершілігінің болмауы; бақылаудың болмауы, соның ішінде қоғамдық, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қызметкерлермен; талдау субъектісі (олардың өкілдері) мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы тікелей байланысты заңдастыратын нормалардың болуы; тиісті өкілеттіктерді заңнамалық түрде берудің болмауында ішкі актінің көмегімен заңнамалық олқылықтарды толтыру.

3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу тәртібі

3.1 Ішкі актілер жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасын оларды келісудің алғашқы кезеңінде Әкімшілік департаментінің жұмыскқызметкерлері жүргізеді.

3.2 Ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда анықталған сыбайлас жемқорлық сипаты нормаларының сипаттамасын, оларды жою жөніндегі ұсыныстарды қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың қорытындысы жасалып, ол ішкі актіні әзірлеушіге жіберіледі. Ескертулер мен ұсыныстармен келіспеген жағдайда құжатты әзірлеуші қорытындының авторына келіспеу себептерінің негіздемесі бар жауап жібереді. Екі құжат да тиісті лауазымды адамдармен келісілген кезде ішкі актінің жобасына қоса беріледі.

3.3 Ректордың бұйрығы бойынша қолданыстағы ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізіледі. Актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындыда құжаттың құрылымдық бірліктері (бөлімдер, тармақтар, тармақшалар, абзацтар) көрсетіле отырып, барлық анықталған сыбайлас жемқорлық факторлары көрсетіледі. Сонымен қатар қорытындыда анықталған сыбайлас жемқорлық факторларын жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

3.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды актіні дайындаған жауапты құрылымдық бөлімшеде міндетті түрде қаралады.

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлігі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Аты жөні, қолы, лауазымы
а.1	3 т 3.3.т.	ауыстыру	а 2 15.04.21	15.04.2021	Жалдасова Л.Е гл.в. менеджер